

«6D051700 Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші
Айнұр Қанатқызы Боранбаевың «Қазақстанның аграрлық секторындағы
технологиялар трансфері процесін басқару» тақырыбындағы
докторлық диссертациясына берілген отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Боранбаева Айнұр Қанатқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде «қаржы» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иемденген. Кейін магистрлік дәреже алған соң, 2017 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «6D051700 Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша PhD докторантурасына окуға түсті. Докторантурада оқу кезеңінде ол езін қабілетті, еңбеккор және шығармашылық ойлауға кабілетті маман ретінде көрсете білді.

Айнұр Қанатқызының ғылыми-зерттеу және педагогикалық тәжірибесі бар. Докторантурада оқу барысында 2018 жылдан бастап Колумбия университетімен бірлескен бағдарламасына, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ғылыми-зерттеу іш-шараларына, атап айтқанда, инновациялық даму, инновациялық менеджмент және орнықты ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша конференциялар мен семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді катысты. Сонымен қатар, диссертация тақырыбын терең зерттеу мақсатында докторант жыл сайынғы «Agroworld Qazaqstan» көрмесіне және «AgroTech» халықаралық саммитіне катысып жүрді. Осындай белсенді зерттеушілік жұмыстың арқасында әйгілі экспер特-мамандармен сұхбаттар мен сауалнама жүргізіп, олардың нәтижелерін өз зерттеуінде қолданды.

Айнұр Боранбаева докторантурада оқып жүрген кезінде диссертация тақырыбы бойынша 10 макаласын жариялады (2 макаласы Scopus деректер базасында индекстелетін журналда, 4 макаласы – ҚР БФМ БФССҚҚ ұсынылған журналдарда, 3 – халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, 1 – MDP Project журналында).

2019 жылы Айнұр Қанатқызы University of Minho-де (Брага қ., Португалия) ғылыми тағылымдамадан өту барысында технология трансферін басқару бойынша терең теориялық-әдістемелік талдау жүргізді. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу әдістерін терең менгеру мақсатында қосымша арнайы курстарды оқыды, нәтижеде алған білімдерін диссертация жазу барысында қолдана алды.

Зерттеушілік жұмыспен қатар, Айнұр Қ. Боранбаева 2012 жылдан бастап педагогикалық қызметті де атқарып жүр. Қазіргі уақытта ол әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қаржы және есеп кафедрасының ага оқытушысы болып қызмет етеді. Ұжымда да белсенді, коммуникативті, жауапты және тәртіпті тұлға.

Боранбаева Айнұр Қанатқызының диссертациядағы зерттеулері еліміздің ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында тартылатын технологиялар трансферін басқару әдістерін жетілдіруге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі технология трансфері процесін тиімді басқару арқылы ауыл шаруашылығын жаңа техникамен жарақтандыру мәселелерін шешу және ондағы өнім сапасы мен көлемін арттыру қажеттілігімен анықталады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстанның аграрлық секторын дамыту үшін технологиялар трансфері процесін басқарудың теориялық және әдістемелік аспектілерін зерттеу негізінде ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу. Зерттеу

барысында технология трансферін басқару ұғымы шетелдік және отандық галымдардың енбектері терең зерттелініп, автордың өзіндік көзкарасы қалыптасты, сондай-ақ Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеу кезінде әсер етуші ішкі және сыртқы факторлары анықталды. Докторлық диссертацияның жаңалығы ретінде осы факторларды модельдеу арқылы болашақта Қазақстанның аграрлық секторында технология трансфері процесін басқару үлгісі құрылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында технология трансфері процесін дамыту стратегиялары бойынша ұсыныстар жасалды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді тиісті мемлекеттік атқарушы құрылымдар мен ұйымдар үшін Қазақстанның аграрлық секторында мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және орындау кезінде пайдалы болады. Сондай-ақ, осындай, еліміз үшін аса маңызды, салада жаңа ғылыми зерттеулердің пайда болуына және өсуіне серпін береді. Диссертацияның теориялық нәтижелері мен әзірлемелері жоғары білім саласындағы оқу процесінде қолданылатын оқу-әдістемелік құралдарда да пайдаланылуы мүмкін. Практикалық аспектіде жұмыста ұсынылған ұсыныстар Қазақстанның аграрлық секторында технология трансфері процесін басқаруды жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Айнұр Боранбаеваның диссертациялық зерттеуі – ішкі бірлігі бар ғылыми жұмыс. Зерттеу нәтижелері қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыс докторлық диссертацияларды дайындау талаптарына сәйкес жазылған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер сенімді, әрі негізделген. Диссертациялық жұмыста еліміздің аграрлық секторына трансферленген технологиялар нақты көрсетіліп, озық фермерлер мысалында көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелділігі қолданыстағы экономикалық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан түсіну, реңми статистикалық деректерді пайдалану, сандық және сапалық талдау әдістерін дұрыс пайдалану арқылы анықталады. Нәтижелер графикалық және кестелік түрде ұсынылған, бұл олардың визуалды қабылдауын айтартылған жеңілдегендеп.

Докторлық диссертация дербес, толығымен аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысын білдіреді. Зерттеудің өзектілігі, жаңалығы мен негізділігі, теориялық және практикалық маңыздылығы «6D051700 Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші Айнұр Қанатқызы Боранбаеваның «Қазақстанның аграрлық секторындағы технологиялар трансфері процесін басқару» тақырыбындағы докторлық диссертациясы көпшілік алдында қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

**Отандық ғылыми жетекші,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
экономика кафедрасының
аға оқытушысы, PhD доктор**


Д.Ж. Рахматуллаева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрлардың аттестациялық-емес академиялық
даярлау және аттестаттау басқармасының басқармағының
ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров ҚазҰУ им. аль-Фараби
научных кадров ҚазҰУ им. аль-Фараби

ДЕ-Канатқызы

